



БҰЙРЫҚ

2023 ж. 25.07.
Бескөл ауылы

ПРИКАЗ

№ 538
село Бесколь

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі хаты негізінде балаларды есепке алуды және оқумен толық қамтуды тиісінше қамтамасыз ету, оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшыларына:

- 2023 жылғы 01 тамыздан 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша 1 қыркүйекте балалардың мектепке келмеуінің алдын алуға бағытталған «Мектепке жол» акциясын өткізсін;

- Қызылжар ауданының әкімдігі бекіткен «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша аудандық іс-шаралар жоспарын орындауға қабылдасын;

- педагогикалық ұжымдардың, қамқоршылық кеңестердің, ата-аналар жұртшылығының, құқық қорғау органдарының, денсаулық сақтау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің әрбір елді мекенде мектеп жасындағы адамдарды есепке алу, 9-сынып түлектерін жұмысқа орналастыру және оларды оқытумен қамту бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастырсын;

- оқу құралдарымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету бойынша практикалық көмек көрсету үшін аз қамтылған немесе көп балалы отбасынан шыққан нақты оқушыны кәсіпорындар мен ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларына бекітуді ұйымдастыру *(келісім бойынша)*;

- бастауыш сынып оқушыларының, көп балалы отбасылардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тамақтануына назар аударатырып, оқушылардың сабаққа қатысуын, оларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ерекше бақылауға алу, тиісті мектептері жоқ елді мекендерде тұратын оқушыларды мектепке және үйге жеткізілуін ұйымдастыру;

- бұқаралық ақпарат құралдарында акцияның барысын жариялау жөнінде шаралар қабылдансын;

- мектеп жасындағы балаларды оқытумен қамту мәселесі бойынша педагогикалық кеңестер өткізілсін;

- акцияны өткізу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Акцияны өткізу барысы туралы аралық ақпаратты білім бөліміне ағымдағы жылдың 04,14,24 тамызына және 04,14, 24 қыркүйегіне қарай білім бөлімінің электрондық мекенжайына ұсыну қажет.

Акцияны өткізу нәтижелері туралы аналитикалық хатпен, фотоматериалдармен, БАҚ - та жарияланған мақалалар материалдарының кесінділерімен қорытынды ақпарат білім бөліміне 2023 жылғы 22 қыркүйекке дейін берілсін.

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жалпыға бірдей міндетті білім беру жөніндегі бас маман Д.М.Қазиеваға жүктелсін.

Негізі: СҚО әкімдігі білім басқармасының 20.07.2023 ж. № 834 бұйрығы

Басшы



А. Абдрахманов